

ХЛОРОФИТУМ

Ғылыми топтастыруы

Дүниесі: Өсімдіктер

Бөлімі: Гүлді өсімдіктер

Табы: Дара жарнақтылар

Сабы: *Asparagales*

Тұқымдасы: *Asparagaceae*

Кіші тұқымдасы: *Agavoideae*

Тегі: *Chlorophytum*

Хлорофитум (лат. *Chlorophytum*)
– қасқыржемдер тұқымдасының агавалар
тұқымдас тармағына жататын көпжылдық
өсімдік.



Хлорофитум (гүл) – бөлмеде өсетін гүл. Грек тілінен аударғанда «chloros» - жасыл, «phyton» - өсімдік деген мағынаны білдіреді. Отаны – Оңтүстік Африка. Тропикалық және субтропикалық аймақтарда – Оңтүстік Америка, Африка, Мадагаскар аралы, Оңтүстік Азия, Австралияда тараған.

Хлорофитум тұқымдасына жататын өсімдіктердің 215-ке жуық түрі бар. Жапырақтары қияқ тәріздес, гүлдері ұсақ, төрт күлтелі, ақ түсті болады.



Әдемілігі – мұртшасы мен нәзік қияқ жапырақтарында. Жапырақтарының түсі түріне байланысты: жай сұрыптары жасыл, қою жасыл болса, сұрыпталған түрлерінің жапырақтары ақала, сарыала болып келеді. Жасыл жапырақтарының ортасында ақ сызық болса, екінші түрінде керісінше ортасында жасыл сызық, ал шеттері ақ немесе сары түсті болып келеді.

Flores Losan



Ерте көктемде гүлдейді. Гүлдері ұсақ, пішіні лала гүлдікіне ұқсайды, төрт күлтелі, ақ түсті болады. Гүлдері гүлсидамында кезектесіп орналасады. Гүлдеп болған соң, гүлдеген жерлерінен балапандар шығарады. Балапандары біраз уақыттан кейін үлкейіп өсіп, тамырланады. Оны бірден аналығынан бөліп, бөлек түбекке отырғызу керек.

- Басты ерекшелігі, күтімді көп қажет етпейді, есесіне бөлменің ауасын жақсы тазартады. Ғалымдар хлорофитум өсімдігінің ауаны формальдегид пен улы тұншықтырғыш газдан жақсы тазартатынын анықтап, бұл өсімдікті әсіресе ас бөлмесінде өсіру керектігін айтқан.



Жарығы:

- Ала жапырақтыларына жарық қажет, көлеңкеде түссізденіп кетеді. Жасыл жапырақтылары көлеңкеде де өсе береді.

Жылуы:

- Жазда 15-200С, қыста 70С-дан төмен түспегені абзал.

Суғарылуы:

- Жазда жиірек, қыста сирек суғарылады.

Ылғалдылығы:

- Құрғақ, ыстық ауада жапырақтарының ұшы қоңырқай тартып, қурап кетеді. Сондықтан су бүркіп тұру қажет.

Қоректендірілуі:

- Әдемі жапырақтыларға арналған тыңайтқышпен көктемнен күзге дейін екі аптада бір рет қоректендіріп тұрған жөн.

Аурулары:

- Ауруға сирек шалдығады. Алайда щитовка, өсімдік биті, ақ ұнтақ құртының әсерінен ауруы мүмкін.

Көбейтілуі:

- Балапандары және түбін бөлу арқылы көбейтеді.